



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 26 қаңтар

ҚАЗАҚМЫС 2011 ЖЫЛДЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖОСПАРЫН СӘТТІ ОРЫНДАП ШЫҚТЫ

Бүгін Қазақмыс Тобы 2011 жылдың 12 айы ішіндегі және төртінші тоқсанындағы өндірістік есебін жария етті. Компаниядағы барлық операциялық бөлімшелер алға қойылған міндеттерін сәтті орындап шықты.

2011 жылдың 12 айы ішінде катодты теңгерімдегі мыс өндірісі 301 мың тоннаны құрады, оның ішіндегі 299 мың тоннасы меншікті концентраттан өндіріліп шығарылды. Қосарлы өнімдер өндірісінде де тұрақты нәтижелерге қол жеткізілді. Күміс өндірісі 13 млн. унцияны құрады, алтын өндірісі - 151 мың унцияны және де мырыш концентратының өндірісі – 140 мың тоннаны құрады.

Электр энергиясы нарығындағы тұрақты сұраныс, сонымен қатар Екібастұз ГРЭС-1 модернизациялау бағдарламасы Топтың энергетикаық бөлімшесінің өндірістік көрсеткіштерін нығайтуды жалғастырып келеді. 2011 жылдың 12 айы ішінде электр станциясының таза өндірілімі 15 пайызға артып, 12 697 ГВтсағатты құрады. Қолданыстағы таза қуаттылық №5 энергоблокта электр сүзгісінің орнатылуы есебінен және басқа да жұмыс істеп тұрған төрт энергоблоктағы жабдықтарды модернизациялаудың есебінен өткен жылдың көрсеткіштерінен артып түсті. Электр энергиясына деген орташа тариф 20 пайызға жоғарылап, 5,38 теңге/кВт сағатқа жетті.

Топ Бозшакөл мен Ақтоғай кен орындарын игеру жөніндегі жобаларды дамытуда айтулы ілгерілеулерге қол жеткізді. 2011 жылдың тамыз айында Директорлар кеңесі қазіргі уақытта электр тарату желілерін жүргізіп, сумен қамту желулерін тарту жұмыстары жүргізіліп жатқан Бозшакөл кен орнының игерілуін құптады. Екі жобаның екеуі де әлемдегі келешегі зор әлі игерілмеген кен орындары әрі жобалар болып табылып отыр.

Қазақмыс Тобының Басқарушы бас директоры Олег Новачук былай деді: «Төртінші жыл қатарынан біз өзіміздің негізгі өндірістік міндеттерімізді орындап келеміз және де мен өз әріптестеріме жақсы атқарған еңбектері үшін алғысымды білдіргім келеді. 2012 жылы мыс өндірісі деңгейінің алдағы өткен жылдардағыдай деңгейде сақталатындығын болжап отырмыз. Мысқа деген сұраныстың үнемі артуы, осы жылы өнімдерімізді сатуға арналған келісімшарттарға қол қойылуларын аяқтауға бізге мүмкіншілік берді. 2012 жылдың 1 наурызы күні Топ ағымды қызметінің нәтижелерін және де құны 6 млрд АҚШ доллары болатын біздің инвестициялау бағдарламамызды компанияның келешек өркендеуіне қарай жүзеге асырудағы үдерістерді егжей-тегжейлі жария ететін боламыз».

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс Тобы

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814 Тел: +77 27 3304 556
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	
Зүлфира Мұхамедиярова	БАҚ-мен байланыс жасау жөніндегі аға менеджері	Тел: +77 17 2790 814
Мерлин		
Дэвид Саймонсон		Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина		Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында елеулі активтерін иеленіп отыр.

Топ Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушінің бірі болып табылады. Мыс өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Copper» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» модернизациялау бағдарламасын іске асырып келе жатқан көмірмен жұмыс істейтін өзінің жобалық қуаттылығы 4 000 МВтты құрайтын қазірдегі ағымды қуаттылығы 2 500 МВт болып отырған Қазақстандағы ең ірі Екібастұз ГРЭС-1 станциясының 50 пайыздық үлесін иеленіп отыр. «Kazakhmys Power» бөлімшесі сонымен қатар «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтып отыратын қосалқы көмір кеніштерін және электр станцияларын иеленіп отыр.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд.АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд.АҚШ доллары болған. Топта шамамен 61 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.